



Құрметті студент!

2018 жылы «Ауылшаруашылығы ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080300	«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»	1. Орнитология 2. Териология 3. Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану 4. Биотехния және жабайы жануарларды өсіру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Орнитология
 2. Териология
 3. Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану
 4. Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Орнитология

1. Қазіргі заманғы ұша алмайтын құстардың өкілдері:

- A) Қарлығаш
- B) Киви
- C) Бірқазан
- D) Қазуар
- E) Шағала
- F) Ұлар

2. Құстардың тыныс алу мүшелерінің ерекшеліктері:

- A) Газ алмасу ауа қапшықтарында да өтеді
- B) Өкпесі тұтас ағза
- C) Дыбыстың көзі - кеңірдектің соңғы сақиналарының жарғақтары
- D) Жұп өкпесі өте үлкен
- E) Жіліктері толық қуысты емес

3. Құстардың тірек қаңқасы-омыртқа жотасының бөлімдері:

- A) Сегізкөз және құйрық
- B) Бел
- C) Төс
- D) Сан жіліктері
- E) Артқы аяқтар
- F) Жауырын

4. Құстардың адам өміріндегі алатын орны:

- A) Бау-бақшаға ешқандай пайдасы жоқ
- B) Құстар тек әуесқойлық аңшылықта қолданады
- C) Егістікке тікелей зиянын келтіреді
- D) Саятшылықта қолданады
- E) Биоценоздың бір тізбегін құрайды
- F) Бау-бақша зиянкестерін жояды

5. Қырсыз тәстілерге жататын құстар отряды:

- A) Тырна тәрізділер
- B) Нанду тәрізділер
- C) Қаз тәрізділер
- D) Казуар тәрізділер
- E) Дауылпаз тәрізділер
- F) Торғай тәрізділер

6. Қазтәрізділердің ішінде Қазақстанда ұяламайтын бірақ аңшылық маңызы бар құстар:

- A) Ақмаңдайлы қаз
- B) Барылдауық үйрек
- C) Алтай ұлары
- D) Сұр қаз
- E) Қоңыр үйрек
- F) Ысылдақ шүрегей

7. Қазақстанда ұялайтын Ескекаяқтылар отрядына жататын құстар:

- A) Бақылдақ құтан
- B) Үлкен сукүзғын
- C) Жалғабай
- D) Сары құтан
- E) Үлкен көлбұқа

8. Тоқылдақтар түріне тән ерекшеліктер:

- A) Олар негізінен ымырт құстары
- B) Азықтары негізінен ағаш жемістері, жидектер
- C) Азықтарын ағаштардың қабықтарынан алады
- D) Басым түрлері ағашқа өрмелегіштер
- E) Жұмыртқаларын тек ұрғашылары бастырады

9. Ұшып жүріп қорегін аулаушы құстар:

- A) Жалбағай
- B) Қаздар
- C) Қырғилар
- D) Қарлығаштар
- E) Су құзғындары

10. Құстардың қауырсын типтері:

- A) Арқа қауырсындар
- B) Қалыпты қауырсындар
- C) Мамық қауырсындар
- D) Төс қауырсыны
- E) Балақ қауырсындары
- F) Бірінші дәрежелі қақпа қауырсындар
- G) Қылтық қауырсындар

11. Су маңы немесе жағалау құстары:

- A) Дала қыраны
- B) Ителгілер
- C) Ұзынсирақ шалшықшы
- D) Тәтрентәрізділер
- E) Жапалақтар
- F) Маймаққаздар
- G) Балықшы түйғын

12. Қазтәрізділер отрядына жататын құстардың ерекшеліктері:

- A) Барлық түрлері тұрақты жұп құрайды
- B) Жоғарғы жақтың ұшында қатты «тырнақ» бар
- C) Балапандарын аналықтары азықтандырады
- D) Жұмыртқаларын ұрғашысы мен еркегі кезектесіп басады
- E) Жұмыртқаларының түсі шұбар-ала

13. Қырғауылдардың негізгі анықтау белгілері:

- A) Жұмыртқалары шұбар
- B) Қырғауылдар өте жылдам ұшады
- C) Негізгі қоректері насекомдар
- D) Ұяларына 2-3 жұмыртқа салады
- E) Аяқтарында тепкі тырнақтары болады
- F) Жұмыртқалары сары - қоңыр түсті
- G) Құйрықтары өте ұзын, қызғылт түсті, қара жолақтары бар

14. Барылдауық үйректердің негізгі морфо-биологиялық ерекшеліктері:

- A) Әдетте 9-13 жұмыртқа туады
- B) 2-3 жұмыртқа салады
- C) Жаз айларында үзбей жұмыртқалайды
- D) Еркектері мен ұрғашыларының рең - түсі ұқсас болады
- E) Негізгі қоректері су өсімдіктері мен организмдері
- F) Қазақстанда ұялайтын құс

15. Қарабауыр бұлдырықтың таралу аймақтары және биологиясы:

- A) Аңшылық маңызы жоғары
- B) Артқы саусағы жоқ, бар болса өте кішкентай
- C) Аяқтары ұзын, тепкі сүйегі жақсы дамыған
- D) Аяқтары өте қысқа
- E) Қазақстанның оң түстік аймақтарында таралған

16. Көгершіндер туысына тән белгілер:

- A) Жылына бір рет жұмыртқа салады
- B) Жалпы реңі көкшіл
- C) Сирақтары ұзын
- D) Мойны қысқа, басы кішкентай
- E) Жұмыртқасының түсі шұбар
- F) Тұмсығы ұзын және жуан
- G) Жұмыртқасы ақ түсті

17. Құтан тұқымдастарына тән белгілер:

- A) Жылына екі рет жұмыртқалайды
- B) Судан алыс құрғақ жерлерде мекен етеді
- C) Жоғарғы жақтарының иегінде артқа қараған ара тәрізді тісі бар
- D) Жылына бір рет жұмыртқалайды
- E) Аяқтарында жарғақпен жалғасқан төрт саусағы бар

18. Кептер тәрізділердің биологиялық ерекшелігі:

- A) Жылына бір рет балапан өрбітеді
- B) Жайылма суларда мекендейді
- C) Балықпен, шаяндармен қоректенеді
- D) Ұясында 2 жұмыртқа болады
- E) Балапандары қызыл шақа болады
- F) Ұясы қираса қайта жұмыртқаламайды
- G) Әуесқой аңшылыққа жатпайды

19. Қазақстанда қызғылт бірқазандардың таралу аймақтары:

- A) Есіл өзені жоғары ағысында
- B) Торғай өзенінің төменгі жағында
- C) Еділ өзенінің атырауларында
- D) Балқаш-Алакөл су алаптарында
- E) Сырдария өзенінің аңғарларында

20. Теңіз шағаласының- *Larus genei* - таралу аймағы:

- A) Теңіз-Қорғалжын су алабы
- B) Тобыл өзені
- C) Каспий теңізінің Солтүстік жағалауы
- D) Ертіс өзені
- E) Балқаш көлі
- F) Қапшағай су қоймасы

21. Ителгілердің биологиясы және Қазақстанда таралуы:
- A) Тянь - шань тауларының биік шыңдарын мекендейді
 - B) Ұясына 3-5 жұмыртқа салады
 - C) Мойынында қара "мұрттары" жоқ
 - D) Санында ұзын қауырсынды "шалбары" жоқ
 - E) Тек оңтүстік Қазақстанда кездеседі
 - F) Биік таулар мен жазық далалардан басқа жерлердің бәрінде кездеседі
 - G) Ұяларына тек 1-2 жұмыртқа салады
22. Жапалактәрізділер тұқымдасы түрлерінің анықтамасы және тіршілік ететін аймағы:
- A) Топтасып аңшылық жасайды
 - B) Танауы екі жақты емес
 - C) Орбитаүсті бездері жоқ
 - D) Тұмсықтары екі жаққа ашық емес
 - E) Орбитаүсті бездері бар
 - F) Төс сүйегінде 7-8 жұп артқы жағына кескіндері бар
 - G) 25 мойын омыртқасы бар
23. Үй торғаларының ерекшелік белгілері:
- A) Балапандары ширақ
 - B) Ұяларын тек қуыстарға салады
 - C) Азықтары жеміс-жидектер
 - D) Негізгі қорегі дәнектер
 - E) Тұмсығы қара, қақпа қанаттары күңгір-сұр
 - F) Денесінің реңі түгелдей қара
24. Үлкен сұқсырға жалпы сипаттама:
- A) Көлемі орташы (900-1200гр)
 - B) Суда жақсы жүзеді бірақ сүңгімейді
 - C) Шығыс Қазақстанда таралған құстар
 - D) Су астында жақсы жүзеді
 - E) Қазақстанда тек 2 түрі кездеседі
 - F) Тек Қазақстанның Солтүстік аймағында таралған
 - G) Қазақстанның тек батыс аймағында таралған

25. Кәдімгі тентекқұстарға тән ерекшеліктер:

- A) Ымырт құстары
- B) Дала құстары
- C) Жұмыртқаларын бұталарға салады
- D) 6-9 жұмыртқа салады
- E) Жұмыртқасын 15-16 күн бастырады
- F) Күндізгі құс

Орнитология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Териология

1. Жыртқыштар отрядының өкілдері:

- A) Құдыр
- B) Сібір тауешкісі
- C) Ақ аю
- D) Сұр қоян
- E) Борсық
- F) Қарсақ

2. Алғашқы аңдардың жердегі таралу аймағы:

- A) Жаңа Каледония
- B) Австралия
- C) Африка
- D) Оңтүстік Америка
- E) Жаңа Гвинея
- F) Галапагос аралдары

3. Фитофаг сүтқоректілер:

- A) Борсық
- B) Бұлан
- C) Теңіз мысығы
- D) Елік
- E) Тас сусары

4. Борсықтың биологиялық ерекшеліктері:

- A) Қыста ұйқыға кетеді
- B) Тек шөптесін өсімдікпен қоректенді
- C) Күндізгі уақытта жемін ұстайды
- D) Тек жануартектес азықпен қоректенеді
- E) Полигамды жануар
- F) Ұя құрап тіршілік етеді
- G) Моногамды жануар

5. *Lutra lutra* қорегі:

- A) Елік
- B) Насекомдар
- C) Шөптер
- D) Үйрек
- E) Сазан
- F) Құрбақа

6. Жыртқыштардың маңыздылығы:

- A) табиғи санитарлар емес
- B) зиянкес кеміргіштердің сан-мөлшерін реттейді
- C) трофейлік аңдар болып табылмайды
- D) орман шаруашылығына зиян келтіреді
- E) мал шаруашылығына пайдасын тигізеді
- F) газ-мұнай құбырларына зиян келтіреді

7. Қазіргі кезде құлан өсірілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар:

- A) Алтын Емел Ұлттық паркі
- B) Барса-келмес қорығы
- C) Үстірт қорығы
- D) Көкшетау Ұлттық паркі
- E) Бурабай Ұлттық паркі
- F) Аскания-Нова қорығы

8. Құланның басқа тақтұяқтыларға қарағанда ерекшеліктері:

- A) Жыныстық жағынан құландар 2-3 жасында жетіледі
- B) Жылқы секілді денесі сымбатты
- C) Жалы ұзын, желпілдеп тұрады
- D) Құйрықтары ұзын жақсы шашақтанған
- E) Басы кішкентай, құлақтары қысқа

9. Тянь –шань аюларының Қазақстан жерінде таралу аймақтары:

- A) Үстірт
- B) Қарқаралы
- C) Өгем мен Қоржынтау
- D) Жетісу Алатауы
- E) Павлодар облысының ормандары
- F) Жайық өзенінің бойы
- G) Ақсу-Жабағылы қорығы

10. Териология пәнінің зертеу нысаны:

- A) суда мекендейтін аңдар
- B) құрлықта мекендейтін аңдар
- C) рептилилер
- D) қосмекенділер
- E) жәндіктер
- F) құстар
- G) балықтар

11. Мысық тұқымдастарына тән ерекшеліктер:

- A) тырнақтары ішіне қарай тартылмайды
- B) саусақтарының ұшына басып жүреді
- C) тырнақтары жасырынды
- D) таза ет қоректілер
- E) негізгі қоректері жеміс-жидектер

12. Каспий итбалығының ерекшелігі:

- A) Құлақ қалқаны бар
- B) Басы айқын бөлектеніп тұрады
- C) Күшіктерін суда туады
- D) Каспий итбалығы тек Каспий теңізінде кездеседі
- E) Каспий итбалығы басқа жерлерде де кездеседі

13. Кеміргіштер отрядына тән ерекшеліктер:

- A) табандарына немесе жартылай табандарына басып жүреді
- B) сойдақ тістері жақсы дамыған
- C) тер бездері шабында орналасқан
- D) саусақтарына басып жүреді
- E) әдетте бұғана сүйегі болмайды
- F) күрек тістерінің тамыры болмайды сондықтан үнемі өседі

14. Құндыздардың негізгі қоректері:

- A) балдырлар
- B) су өсімдіктері
- C) қылқан жапырақтар
- D) шөптесін өсімдіктердің кепкен дәндері
- E) ағаштар мен бұталардың бұтақтары
- F) қылқан жапырақты ағаштардың дәндері

15. Жайра (Hystriidae) тұқымдастарына тән ерекшеліктер:

- A) Қылқан жапырақты ормандарды мекендейді
- B) Инелерін аталықтар таласқанда пайдаланады
- C) Түктерінің көбі ұзын инелерге айналған
- D) Орта пішінді жануарлар
- E) Инелерін қорғануға пайдаланады
- F) Қазақстанда кең тараған
- G) Ұсақ жануарлар

16. Саз құндызының Қазақстанда жерсінбеу себебі:

- A) Браконьерлер аулап алған
- B) Қазақстан табиғатында жақсы жерсінген
- C) Жыртқыштарға жем болған
- D) Қыста өмір сүруге бейімделмеген
- E) Жануарлардың саны аз болған

17. Аламан тәрізділер тұқымдасының биологиялық, жүйелік ерекшелігі және таралуы:

- A) Тек құмды жерлерді мекен етеді
- B) Тұқымдас тармағы – аламандар, құмтышқандар, тоқалтістер
- C) Тек орманды жерді мекендейді
- D) Тек сулы жерлерді мекендейді
- E) Таулы аймақты мекендейді, тұрақты
- F) Түрі: орман қаптесерлер

18. Қаптесерлер (Muridae) тұқымдастарының сипаттамасы:

- A) тұмсықтары созыңқы
- B) құйрықтары ұзын
- C) ірі жануарлар
- D) сойдақ тістері жақсы дамыған
- E) құйрықтары өте қысқа
- F) құйрықтары болмайды
- G) ұсақ және орта пішінді жануарлар

19. Қосаяқ (Dipodidae) тұқымдастарының Қазақстанда кездесетін түрлері:

- A) үлкен қосаяқ
- B) жүнбалақ қосаяқ
- C) ержегейлі бес саусақты қосаяқ
- D) жүйрік қосаяқ
- E) үркек қосаяқ
- F) тақылдағыш қосаяқ

20. Қазақстанда кездесетін шақылдақтар түрі:

- A) алтай және монғол шақылдағы
- B) қалқанқұлақ және кіші шақылдақ
- C) дауыр шақылдағы
- D) алатау шақылдағы
- E) көк шақылдақ
- F) ұзын құлақ шақылдақ
- G) қызыл шақылдақ

21. Бөкендерге биологиялық және морфологиялық жалпы сипаттама:

- A) олар қоныстарын аударып шөл, шөлейтті дала жағдайларына бейімделген
- B) құлақтары ұзын, денесін тік ұстап жүреді
- C) күйек кезі қыркүйек айы
- D) үстіңгі ерні салбырап етті тұмсыққа айналған
- E) жаз айларында арқа түсі сарғыштанып жезге ұқсайды

22. Жабайы шошқаның аңшылық шаруашылықтарда бағаланатын қасиеттері:

- A) тез көбейеді
- B) өті алынады
- C) ет пен май алынады
- D) терісі үшін ауланады
- E) тістері өте құнды трофей

23. Құдырдың қысқы негізгі қоректері:

- A) мүктер
- B) жуан бұтақтар
- C) бұршіктер мен қылқан жапырақтар
- D) ағаштарда өсетін қыналар
- E) жіңішке бұтақтар

24. Қазақстанда кездесетін кермарал түршелері:

- A) марал
- B) аустралия бұғысы
- C) кавказ бұғысы
- D) тоғай бұғысы
- E) азия бұғысы
- F) солтүстік бұғысы
- G) изюбрь

25. Қазақстанды мекендейтін арқар түршелері:

- A) Қаратау арқары
- B) Жоңғар арқары
- C) Алатау арқары
- D) Ертіс арқары
- E) Тибет арқары
- F) Қызылқұм арқары
- G) Қаракұм арқары

Териология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану

1. Аңшылық шаруашылығын құруда жинақталатын мәліметтер алынады:

- A) экономикалық циклден
- B) математикалық циклден
- C) техникалық циклден
- D) негізгі циклден
- E) тарихтық циклден

2. Аңшылық ісін ұйымдастыру жұмыстарының толық циклының кезеңдері:

- A) негізгі
- B) камералдық
- C) далалық
- D) алдын алу
- E) соңғы
- F) қосымша
- G) дайындық

3. Орман категориялары:

- A) толысқан
- B) қылқанжапырақты
- C) кәрі
- D) жапырақты
- E) жас
- F) сирек
- G) аралас

4. Абсолюттік есептеу әдістері:

- A) қосымша қоректендіретін жерлерде есептеу
- B) іздері бойынша алаңшаларда есептеу
- C) қоректерінің қалдықтарынан есептеу
- D) сұрау арқылы есептеу
- E) іздері бойынша маршрутта есептеу
- F) үйшіктері арқылы есептеу

5. Өндірістік және мемлекеттік тексеруді жүргізетін мекемелер:

- A) облыстық әкімшілігі
- B) жануарларды қорғау жөніндегі облыстық аймақ басқармасы
- C) жергілікті маслихат
- D) орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
- E) облыстық маслихат
- F) аңшылық ісін ұйымдастыру мекемесі

6. Аңшылық шаруашылықтың картасын құруға пайдаланылатын карталар:
- A) тарихи
 - B) қазбалы-байлықтық
 - C) геоботаникалық
 - D) демографиялық
 - E) саясаттық
 - F) әскери
7. Қақпандарды сырыққа орнатудың себебі:
- A) жануарды алуға аз уақыт жұмсалады
 - B) тауып алу оңай
 - C) олжаны өзге жануарлар жеп кетпейді
 - D) жануар көп жұлқынбайды
 - E) жануар жақсы түседі
 - F) қақпанды құруға аз уақыт жұмсалады
 - G) жануар қақпанның иісін сезбейді
8. Қыста ауланатын терісі бағалы жануарлар:
- A) бұлғын
 - B) тарбаған
 - C) егеуқұйрық
 - D) камшат
 - E) саршұнақ
 - F) байбақ
 - G) құм тышқаны
9. Аңшылық ісін ұйымдастыру жұмыстарының далалық кезеңінде атқарылатын іс-шаралар:
- A) жануарлардың қоректік қорын анықтау
 - B) жерді орналастыру құжаттарымен танысу
 - C) аңшылық жануарлардың санын анықтау
 - D) техниканы дайындау аңшылық аулау құралдарын дайындалу
 - E) қауіпсіздік техникасы бойынша жаттығулар өткізу
 - F) орманды орналастыру құжаттарымен танысу
10. Қазақстанды мекендейтін кәсіптік орман құстары:
- A) құр
 - B) саңырау құр
 - C) бөдене
 - D) жылқышы
 - E) безгелдек
 - F) сұр шіл
 - G) тундра шілі

11. Қабан аулауда негізгі аңшылық тәсілдері:

- A) қоректендіретін жерлерде
- B) қараңғы түскен кезде
- C) лайка иттерімен
- D) қар шаңғысымен
- E) таң бозарған шақта
- F) түнде

12. Сүйретпе түрлері:

- A) сым
- B) жіп
- C) томар
- D) сақиналар
- E) зығыр

13. Арандармен ауланатын жануарлар:

- A) қасқыр
- B) бұғы
- C) сілеусін
- D) құну
- E) елік
- F) аю

14. «Жевело» капсюлінің түрлері:

- A) «Жевело – А»
- B) «Жевело» нормалы»
- C) «Жевело – В»
- D) «Жевело - М»
- E) «Жевело» нормалы»

15. Өздігінен аулайтын құралдарды жіктеу:

- A) қолдан жасалатын
- B) күрделі
- C) орнықты
- D) алып жүретін
- E) жасырын

16. Құламалармен ауланатын жануарлар:

- A) қоян
- B) харза
- C) бұлғын
- D) құну
- E) камшат

17. Ондатраны аулағанда тарелкалы қақпандарды құратын жерлер мен әдістері:

- A) ет салып
- B) иісті еліктіргіштер қолданып
- C) үйшіктің үстіне
- D) қамыс, қоғалардың арасындағы өткелдеріне
- E) жасанды столдарға баратын азық жолына
- F) індердің аузына

18. Қасқырды аулағанда қақпанды құратын жерлер:

- A) суаттарға
- B) індерге
- C) ізіне
- D) қора маңына
- E) апандарына
- F) үйшіктерге

19. Улы заттарды қолдану тәсілі:

- A) еттің ішіне салып беру
- B) пластик капсулдарға салып беру
- C) ашық шашып тастап беру
- D) дәнді дақылдарға сіңіріп беру
- E) майға құйып беру
- F) індеріне салу

20. Аңшылық ісін ұйымдастыру жұмыстарының негізгі мақсаттары:

- A) аңдарды қорғау, қорғау шараларын белгілеу
- B) дайындық алды кеңес ұйымдастыру және өткізу
- C) дайындық жұмыстарын өткізу
- D) талдау жұмыстарын жүргізу
- E) аңшылық жануарлардың қорын пайдалану мөлшерін анықтау

21. Тиінді аулаудың ең тиімді мерзімі:

- A) қыстың бастапқы кезеңінде
- B) қар қалын кезінде
- C) қыстың ортасында
- D) қыстың аяғында
- E) қар жамылғысы жұқа кезінде
- F) күздің аяғында
- G) қыста қар түскенге дейін

22. Бір аймақтағы жануарлар тығыздығының жоғары болуының популяцияға әсер етуі:

- A) өлім төмендейді
- B) өміршеңдігі жоғарылайды
- C) популяцияның өміршеңдігі төмендейді
- D) өлім - жітім ұлғаяды
- E) жастары көбейеді
- F) көбею барысы төмендейді
- G) көбеюі жоғарылайды

23. Су күзенінің негізгі қоректері:

- A) қой еті
- B) қаз жұмыртқасы
- C) балықтар
- D) тышқандар
- E) бақалар

24. Бір аймақтағы жануарлардың тығыздығының жоғары болуының популяцияға әсер етуі:

- A) популяцияның өміршеңдігіне әсер етеді
- B) популяцияның сапасы жоғарылайды
- C) өлім көбейеді
- D) өлім төмендейді
- E) көбеюі жоғарылайды

25. Аңшылықты басқаратын адамның міндеті:

- A) аңшылықтың аяқталғанын хабарлап, лицензияның келесі бетін толтыру
- B) қаруды сынау
- C) аңшылықтың ережелерімен таныстыру
- D) түсіндіру жұмыстарын жүргізу
- E) жаттығу өткізу
- F) қаруды қолдану ережесімен таныстыру
- G) қаруды тексеру

**Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Биотехния және жабайы жануарларды өсіру

1. Қосымша қоректендірілетін жануарлар:

- A) су құстары
- B) борсық
- C) суыр
- D) қоян тәрізділер
- E) жыртқыш
- F) орман құстары
- G) тұяқты

2. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары:

- A) Аңшылық шаруашылығындағы тыныштық бұрышы
- B) Мемлекеттік қорықтық аймақтар және табиғи қорғалымдар
- C) Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік және ұлттық табиғи парктер
- D) Аудандық маңызы бар аңшылық шаруашылықтар
- E) Аңшылық шаруашылығындағы жануарлардың өсімін молайту аймағы
- F) Облыстық маңызы бар аңшылық шаруашылықтар
- G) Көрсететін аңшылық шаруашылықтары

3. Тыныштық аймақтарды құрудың мақсаты:

- A) Орман кесу кезінде жұмысшылар демалу үшін
- B) Қар ұстау үшін
- C) Құстар ұя салу және балапан шығару үшін
- D) Төл жақсы өсуі мен даму және ересек жануарлар мен құстардың демалуы үшін
- E) Орманды қайта жаңарту үшін
- F) Демалыс күндері техниканы сақтау үшін
- G) Тыныштық бұрышы құрылмайды

4. Далалық жағдайда тыныштық аймақтарын құру үшін орындар:

- A) Орманның ашық жерлерінде
- B) Орманның сирек жерлерінде
- C) Өзеннің арнасында
- D) Шаруашылықтың ең алыс жерлерінде орналастыру
- E) Суы бар жерлерге жақын орналастыру
- F) Бұта және ірісабақты шөп өсетін жырларда
- G) Судан алыс жерлерде

5. Сулы алқаптағы қорғаныс және ұялық жағдайларын жақсарту:
- A) Су қойма жағалауында ағаш, бұта, жағалау бойында өсетін өсімдіктер отырғызу
 - B) Жануарларды суару үшін сулы алқаптардың тереңдігін азайту үшін сулы алқаптар бөлігіне топырақ себу
 - C) Қамыс қопаларында шалғыжол салу
 - D) Көпір салу
 - E) Құрма ау қою үшін қамыс жою
 - F) Сулы алқаптарда биотехниялық шаралар жүргізілмейді
6. Далалық аймақтардың аңшылық шаруашылықтарындағы азықтық қорын жоғарылату:
- A) Жыралар мен сайлардың баурайларында өсімдіктер отырғызу
 - B) Орманда өсімдіктер отырғызу
 - C) Далалық ремиздер өсімдіктерін отырғызуына кірісу
 - D) Далалық алқаптар жырасына көлденең егістік өсімдіктерді отырғызу
 - E) Азық-түлік дақылдар өсірілетін егістерде өсімдіктер отырғызу
 - F) Тау баурайында өсімдіктер отырғызу
7. Патшалық Ресейде өсірілген үйректер:
- A) Тазатұқымды барылдауық
 - B) Будан барылдауық пен үй үйректері
 - C) Будан сүңгуір үйректер
 - D) Тазатұқымды сүңгуір үйректер
 - E) Үйдің сұр үйректері
 - F) Үй тазатұқымдары
8. Инкубациялауға шарамсыз жұмыртқаларды шығару:
- A) Қабығында жырығы жоқ жұмыртқалар
 - B) Сырты түзу емес немесе әк қонған
 - C) Қабығы қалың жұмыртқалар
 - D) Қабығы жақсы жұмыртқалар
 - E) Салмағы дұрыс жұмыртқалар
9. Қыс мезгілінде күйіс қайыратын тұяқтыларға қосымша азықтандыру үшін қолданылатын азықтар:
- A) Майы алынған сүт
 - B) Тамыртүйнек жемістер және құрама азықтар
 - C) Ағаш пен бұталардың сыпыртқылары
 - D) Қайыңның жас бұтақтары
 - E) Пішен шөптің әр түрі
 - F) Сірне (патока)
 - G) Жаңа әкелінген балық

10. Қосымша азықтандыру орындарын орналастыру және қайта орналастыру:

- A) Қосымша азықтандыру орындарында азықты күзету үшін күзетші болады
- B) Жануарларды қосымша азықтандыру жүйелі түрде жүргізіледі
- C) Жануарларды қосымша азықтандыру 20-30 тәулік сайын өткізеді
- D) Қосымша азықтандыру орнына азық тасымалдау үшін техника болуы тиіс
- E) Жануарларды қосымша азықтандыру орындарында жел мен қардан қорғау үшін қалқалар салынады
- F) Қосымша азықтандыру орындарында вагон болуы тиіс
- G) Жануарларды тәулігіне 5 рет қосымша азықтандырады

11. Қысқы мезгілде қабандарды қосымша азықтандыру үшін азықтың түрлері:

- A) Күнбағыс сүрлемі
- B) Бұталардан әзірленген жануарлар азығы
- C) Көктерек қабығы
- D) Жануар текті азықтар
- E) Бидай-пішендеме
- F) Құрама азықтар
- G) Пішен

12. Көптеген жыртқыш аңдар мен құстардың аңшылық шаруашылығына кері әсері:

- A) Бағалы олжа
- B) Бағалы терісі бар
- C) Үй малына шабуыл жасайды
- D) Жұқпалы аурулардың тасымалдаушылары болады
- E) Аңшылық аңдар мен құстарды жояды
- F) Бағалы мамығы бар

13. Негізгі әдістер қолдану арқылы зиянды және жыртқыш құстармен күрес жүргізу:

- A) Аумен аулау
- B) Ілмекпен аулау
- C) Тормен аулау
- D) Ұяларын бұзып тастау
- E) Атып алу
- F) Қақпанмен аулау
- G) Өздігінен аулайтын құралдармен аулау

14. Жерсіндірілген аңдарды сатып алу кезінде аңшылық шаруашылығында болуы тиіс:

- A) Белгілі бір жануарларды өзге жануарлармен ауыстыру
- B) Арам шөп өсімдіктер
- C) Көп аңшылар саны
- D) Тіршілік етуге қажетті жағдайлар
- E) Қоныс аударушылар жергілікті аңшылық жануарларға кері әсерін тигізбеуі тиіс

15. Қайта жерсіндіру және оның жетістіктері:

- A) Тиімді биологиялық жетістік (қалыпты өмір сүру және көбею)
- B) Тиімді экономикалық жетістік (саны көбею және өнімділік сапасының жақсаруы)
- C) Басқа жануарлар түрінің болуына байланысты
- D) Жыл сайын, аңшылық жануарлардың жаңа түрлерін әкелу
- E) Бұрын соңды мекендеген аудандарға жойылып кеткен жануарларды енгізу

16. Интродукциялау орындарын дайындау және аңшылық жануарларды интродукциялау жерлеріне жіберу:

- A) Жіберілетін жерлерде қосымша азықтандыру алаңдар немесе азық салынып қойған астауларды ұйымдастыру
- B) Бүкіл аумақ бойынша таралу үшін жануарларды үркітуге тырысады
- C) Жіберілгеннен кейін жануарларды мазаламау үшін қызмет көрсететін жұмыскерлер көрінбеуге тиіс
- D) Жіберілетін жерлерде ешқандай дайындық жұмыстары жүргізілмейді
- E) Жіберілетін жануарлар үшін қауіпті жыртқыштарды жою немесе санын азайту. Инде мекендейтін жануарларға алдын-ала жасанды індер дайындау
- F) Интродукцияланатын жануарларды жіберу ашық есіктен, аз-аздан, асықпай жүзеге асырылады. Жіберілетін жерлерде күзет ұйымдастырылады

17. Жаңа жерге орналастыратын жануарларды тірідей аулау:

- A) Жіберілетін жерге ұқсас ауданды тандау
- B) Жаңа жерге орналастыратын жануарларды аулау
- C) Ауланғаннан кейін жануарларды сол кезде жіберілетін жерге тасымалдайды
- D) Жаңа жерге орналастыру үшін жіберілетін жерге ұқсас емес аудан тандалады
- E) Жануарларды ауламай, өз жүрісімен айдап апарды

18. Жабайы жануарлардың қанының бұзылуына әкелетін жағдайлар:
- A) Популяцияның жыныстық құрылымы өзгерсе
 - B) Жануарларды қолдан ұрықтандырса
 - C) Жануарларды көбеюге кеш қатыстырса
 - D) Жануарлар арасында сұрыптау жүргізсе
 - E) Әр жынысқа жататын жануарларды бөлек ұстаса
19. Селекциялық атудың жақсы нәтиже беретін кезеңі:
- A) сырқаты бар дарактарды жазда ату
 - B) аңшылық біткеннен кейін жараланғандарын ату
 - C) толық жетілмеген аталықтарды күйлеу алдында ату
 - D) зиян келтіретін жыртқыштарды ату
 - E) жас төлдерін ату
 - F) физиологиялық жетілмегендерді жыл бойы ату
20. Революцияға дейін Ресейде қырғауылды ұстау әдістері:
- A) Аралас
 - B) Торлы
 - C) Вольерлік
 - D) Қаумалық
 - E) Парктік
21. Жабайы құс өсіру кезінде көбею және тыныштық кезеңдері:
- A) Көбею кезеңі қаңтар
 - B) Тыныштық кезеңі маусым
 - C) Құстарды шағылыстыру
 - D) Жұмыртқа салу және басу
 - E) Құс көбеймейтін кезең
22. Құс өсірудегі тыным уақыты және оның ұзақтығы:
- A) Көктемнің ортасынан жаздың соңына дейін
 - B) Құстардың түлейтін уақыты
 - C) Қыстың соңынан жаздың соңына дейін
 - D) Жаздың ортасынан қыстың соңына дейін созылады
 - E) Мекиендер жұмыртқалауларын тоқтататын уақыт
 - F) Аталықтар шағылысуларын тоқтататын уақыт
 - G) Аталықтар ұйықтайтын уақыт
 - H) Аналықтар жұмыртқа басатын уақыт

23. Қырғауыл, шіл, барылдауық үйректің орташа жұмыртқалығыштығы:
- A) Шілдің орташа жұмыртқалығыштығы 15-20 жұмыртқа
 - B) Шілдің орташа жұмыртқалығыштығы 2–6 жұмыртқа
 - C) Қырғауылдың орташа жұмыртқалығыштығы 120-150 жұмыртқа
 - D) Барылдауық үйректің орташа жұмыртқалығыштығы 350 жұмыртқа
 - E) Шілдің орташа жұмыртқалығыштығы 70-80 жұмыртқа
 - F) Барылдауық үйректің орташа жұмыртқалығыштығы 4-6 жұмыртқа
24. Құстарды көбейту үшін үйірлердің жасы мен іріктеп құру мезгілі:
- A) Табын күзде іріктеп құрылады (көбею аяқталғаннан кейін)
 - B) Аталықтардың жасы 6 жылға дейін
 - C) Аталықтардың жасы 5 жылға дейін
 - D) Көбеюге 1 жыл қалғанда табын іріктеп құрылады
 - E) Аталықтардың жасы 1 жылға дейін
 - F) Көбеюге 1 күн қалғанда табын іріктеп құрылады
25. 1-30 күн; 31-80 күн; 81-150 күн жастағы балапандарды өсіру кезінде рациондағы клетчатка пайызы:
- A) 31 – 80 күнде – 15,3%
 - B) 1-30 күнде – 3,0%
 - C) 1-30 күнде – 12,3%
 - D) 1-30 күнде – 8,1 %
 - E) 31 – 80 күнде – 10,1%

**Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**